

«Бекітемін»
«Жетісу облысы білім басқармасының
Текелі қаласы бойынша білім бөлімі»
ММ«№2 бөбекжай- балабақшасы»
МККК меңгерушісі м.а.
Г.А.Конырбаева
« 31 » « 08 » 2022жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына «музыка» ұйымдастырылған іс-
әрекетіне арналған перспективалық жоспар**

«Балдәурен» сауықтыру аралас тобы

Музыка жетекшісі: Ә.Ә.Рахметова

**Музыка жетекшісінің 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары**

Топ: «Балдәурен» сауықтыру тобы (ортаңғы, ересек топтар)

Балалардың жасы: 3-4; 4-5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі қыркүйек айы: 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|----------|--|--|
| Қыркүйек | <p>1.Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын соңына дейін түсінуге үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда сөздерді анық айтуға қалыптастыру.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспап сыбызғымен және сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту.</p> <p>3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|-------|---|--|
| Қазан | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда ре(ми)-ля(си) диапазонында ән айтуға үйрету, дауысын жатықтыру.</p> <p>3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық металлофон, барабан аспаптырмен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету.</p> <p>3. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|--------|--|--|
| Қараша | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбыстарын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, әнді барлығы бірге бастап бірге аяқтауға үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық қоңырау, сылдырмақ, маракас аспаптарымен және аспаптардың дыбысталуымен таныстыру.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|-----------|--|---|
| Желтоқсан | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>2.Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуда әннің сипатын жеткізе білуге (көңілді, созып, ойнақы айтуға) үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.</p> <p>4. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|--------|---|--|
| Қаңтар | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтуға баулу.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу.</p> <p>2.Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|-------|--|--|
| Ақпан | <p>1.Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда әннің сөзін түсініп орындауға, көңіл-күйін жеткізе білуге үйрету.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Балалардың таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Металлафон аспабында (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|--------|--|--|
| Наурыз | <p>1.Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Жеке және топпен ән орындауда дауыс диапазонын жетілдіру.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Қазақ халқының сыбызғы аспабының үнін тану, басқа аспаптардан ажырата білу.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау.</p> <p>2.Ән айту: Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|-------|---|---|
| Сәуір | <p>1.Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда , қарқынды ән орындауда бір-бірін тыңдап, естіп орындауға дағдыландыру.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын ойындарда, қарапайым ырғақ соғуда қолдану.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</p> |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (3-4 жас) | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері (4-5 жас) |
|-------|---|---|
| Мамыр | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауда балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу.</p> <p>2.Ән айту: Ән айтуда негізгі ережелерді: бірге орындаушыларды, аспаптың сүйемелдеуін, сөздің мағынасын, әннің көңіл-күйін есте ұстап орындауға дағдыландыру.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Танып білген музыкалық аспаптарды үнінен ажырата білу.</p> | <p>1.Музыка тыңдау: Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау.</p> <p>2.Ән айту: Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту.</p> <p>3.Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>4.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</p> |